

«Сәулетай» ойындары сәтті өтуде

Қанағат ҚАСЫМУЛЫ

2024 жылғы 28-31 қазан аралығында Шығыс Қазақстан облысы әкімінің жұлдісіне арналған «Сәулетай» ХІ облыстық балалар спорттық ойындарының І-кезеңі аяқталғанын хабарлаймыз. Жарысқа облысымыздың 13 ауданынан 1140 спортшы қатысқан. Самар ауданының намысын қорғау үшін жарысқа барлығы 42 спортшы мен 8 жаттықтырушы қатысты.

Зияткерлік ойындарда: шахмат бойынша ауданымыздың командасы 7-орынға тұрақтап, тоғызқұмалақ бойынша 3-орынға ие болған. Ұлттық спорт түрі – асық аюдан Самар ауданының командасы облыстық сайыста 5-орынды місе тұтқан. Ал жеңіл атлетика бойынша жалпыкомандалық есепте ауданның жас спортшылары 7-орыннан көрінді. Волейболдан қыздар мен ұлдар 4-орынға жайғасқан.

Үстел теннисі бойынша 5-орынды иеленіп отырмыз. Ал арқан тартудан 8-орын және қол күресінен 11-орынмен оралды жас спортшылар. Спортшылар өздері қатарлас жасөспірімдердің дайындығы мен артықшылықтарын аңғарып, келесі сайыстарға нақты максаттар қойып, қателіктерімен жұмыс жасайтын болады. Өз кезегінде, осындай сайыстарға қатысып, жеңіліп-жеңіп барып үлкен жетістіктерге жететіндеріне сенімді жас спортшылар.

ІІ кезеңде аудан намысын қорғайтын спортшыларға аудандық білім бөлімі сәттілік тілейді. Сондай-ақ оқушылардың ХІ облыстық «Сәулетай» балалар спорттық ойындарына қатысуын қамтамасыз еткен аудан мектептерінің директорларына және дайындаған жаттықтырушыларына алғыс білдіреді. Жеткен жеңістерімен құттықтай отыра, жаңа жеңістер тілейді.

Ерекшебірайткететіні, ауданымыздың жас спортшылары аудандық, облыстық деңгейдегі түрлі спорттық жарыстарда жақсы өнер көрсетіп келеді. Бұның өзі тәжірибелі жаттықтырушылардың арқасы деуге әбден болады.

Білім ордасына – 60 ЖЫЛ



Айгерім АСАНҚЫЗЫ

Мектеп – тұлғалық қалыптасудың алғашқы негізі, білімді болашаққа бастайтын бағыттаушы. Аудан орталығында орналасқан №1 Самар орта мектебінің сан мыңдаған шәкірттің шырағын жағып келе жатқанына 60 жыл толып отыр. Мерейлі мерейтойда мектеп тарихына үңілдік.

Мектеп тарихына шолу жасап өтер болсақ, 60 жыл талай шәкірттің көкірек көзін ашқан білім ордасының негізгі, яғни қазіргі ғимараты 1964 жылы салынған. Мектептің салынуына негіз болған, бастама көтерген – Иван Семенович Шведун, білім ордасының бірінші директоры. Иван Семенович – Күршім ауданының тумасы. 1917 жылы Күршім ауданы Кумашкино ауылында өмірге келген. 1957 жылы тамызда №1 Самар орта мектебінің директоры болып тағайындалды.

Бұл уақытта мектеп бөлініп-бөлініп ауылдағы бес ғимаратқа орналастырылған екен. Көп ұзамай бір шағын ғимарат салынған (қазір ол жерде бастауыш мектеп орналасқан). Директордың өзі облыс орталығына барып, мектеп үшін көрнекі құралдар мен жабдықтар сатып алып, мектеп жұмысының жақсы жүруіне барынша жағдай жасаған. Иван Семенович 20 жыл бойы осы білім ордасының тұрақты директоры болған.

Осы уақытқа дейін ол кісімен

жұмыс істеген мұғалімдер оны жылы естеліктермен еске алады: «Иван Семенович өдептілігімен, әңгімелесушіні тыңдай білуімен ерекшеленді... Ол бәрімен сіз деп сөйлесетін... Ал оқушылармен сондай сыпайы сөйлесетін еді. Оқушылардың бәрі ол кісіні қатты жақсы көрді».

Қызыл Жұлдыз, Екінші дәрежелі Отан соғысы ордендері, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі наградалары Иван Семеновичтің өз ісіне адал, білім-ғылымға құмар жан болғандығының дәлелі іспеттес. Бүгінде 60 жыл мерейтойын тойлап жатқан мектеп ұжымы осы бір ұлағатты жанды үлгі тұтатындарын жеткізді.

4 бет

◆ ЧЕЛОВЕК ТРУДА

Самая сладкая профессия

Қанат КАИРГАЗЫҚЫЗЫ

Среди разнообразных профессий и специальностей поварского и кондитерского дела, значимое место занимает профессия кондитера. Считается, слово «кондитер» произошло от итальянского «кандиере», дословный его перевод значит, как «варить в сахаре».

Кондитер - интересная и увлекательная профессия, ведь их руками создается сладкая красота, удивляя этим всех. Сладости для сладкоежек живут благодаря кондитерам. Ведь, не секрет, что сладости, сахар поднимают настроение. Мастерство приготовления вкуснейших лакомств - кондитерских изделий - ценилось во все времена. Создавая оригинальные по вкусу и оформлению сладости, кондитер раскрывает свой творческий потенциал.

В пекарнях районного центра немало известных кондитеров, руками которых создаются оригинальные сладости, десерты. Многие из их произведений уже полюбились потребителям.

Пользуются большим спросом у населения и кондитерские изделия пекарни «Иртыш». А создает все эти вкусные продукты одна из опытных кондитеров Сауле Кастаевна Толыкова, которую рекомендовала Самал, дочь хозяйки пекарни «Иртыш» Алмагуль Дюсебаевой.

Сауле Кастаевна хоть и находится на заслуженном отдыхе, все равно работает по своей любимой профессии. Я считаю, что кондитер - немного художник, немного - музыкант, немного - поэт. Человек, обладающий эстетическим вкусом, любящий экспериментировать, доставляя людям

удовольствие. У Сауле Кастаевны все это получается. Она - замечательный специалист. И уверена, что ее труд всегда был востребован. Приготовление кулинарных шедевров требует немало знаний, внимательности, чувства меры и, конечно, таланта. Не каждый обладает этим умением, но для некоторых приготовление вкусных, красивых и оригинальных блюд является делом всей жизни.

- Я работаю здесь кондитером с 2017 года, уже прошло семь лет. До этого более 11-ти лет проработала на хлебозаводе крестьянского хозяйства «Мамбет». - рассказывает о себе Сауле Кастаевна. - Коллектив наш очень хороший, дружный. Владелица пекарни Алмагуль - очень добрый, вежливый, внимательный человек. Зарплата мы получаем вовремя, к празднику выдает премиальные, подарочные наборы. Одним словом, все хорошо. Когда такое доброе отношение руководителя к своим подчиненным, то и работа ведь спорится в руках. В пекарне у нас работают три кондитера, хлеб выпекают пекари в две смены. Продукция наша пользуется большим спросом у населения. Кондитерские изделия выпускаем и по заказу населения и на продажу. Вчера, к примеру, был заказ на сладкие булочки, мы его сразу и приготовили. Вы-



пекаем баурсаки на дрожжах, сдобные булочки, пироги с начинкой, мелкие сладкие баурсаки и многое другое.

В пекарне соблюдается чистота и санитарное состояние. Все работающие имеют спецодежду, колпаки.

С некоторыми пор Сауле Кастаевна является и продавцом здесь же, в пекарне. В ее задачу входит принятие всех хлебобулочных и кондитерских изделий для реализации, отправка их по торговым точкам. В течение дня здесь многие потребители покупают свежую и горячую выпечку, как говорится, с пылу – с жару.

- У нас все отлично, хорошо, нам нравится здесь работать, мы все дружны, как одна семья, - добавляет свою лепту проворливая Бакыт Мукузинова, которая успевает и полы подметать, и вежливо обслужить очередных покупателей.

Кстати, она тоже пенсионер, не сидит дома без дела.

Вот они, трудолюбивые люди, которые всю жизнь работали, и сейчас не хотят бездельничать. Хвала их рукам, что пахнут хлебом!

Самар

◆ МЕРЕЙТОЙ

Білім ордасына – 60 жыл

1 бет

Алғашқы мектеп ұжымында Шведнова Клавдия Васильевна, Бернгарт Иван Иванович, Машенская Мария Анатольевна, Гасинцев Клавдия Петровна және сол кездің өзінде шөкірттеріне жақын жас мамандар Ковтун Раиса Ивановна, Федоров Иван Кузьмич, Ширяева Александра Петровна, Мостовая Людмила Федоровна, Паноков Николай Иванович, Жаксылықов Жамель Махатедғалимович, Ковалева Зоя Ивановна, т.б. жандар бір мақсатқа бірігіп қызмет атқарған.

Алғашқы мектеп ұжымы қызмет атқарған кездерде мектепте талантты балалар мұқият таңдалған тұрақты хор ашылған. Хорды Паноков Николай Иванович басқарған. Би үйірмесін талантты мұғалім Федоров Иван Кузьмич, театр үйірмесін Ковтун Раиса Ивановна жүргізді. Балалардың тек білімге ғана емес, өнер мен өркенінен хабары болуы үшін ұстаздар жан-жақты жұмыс жүргізген.

Биолог ұстаздар Балабанченко Раиса Васильевна, Позднякова Неля Федоровна шөкірттері мен қызметтестері арасында гүлді ерекше жақсы көретін ұстаздар ретінде есте қалған. Бұл мұғалімдерді танытпн жандар олардың бойындағы нәзіктік пен мейірімділіктің бірден сезілетінін айтатын көрінді.

Оқу тілі орыс тілі болған білім ордасы 1964 жылдары қазақ сыныптарын ашқан. Қазақ сыныптарына сол кезде мектептің оқу ісінің менгерушісі қызметін атқарып жүрген Нұхасев Елтай Нұхайұлы тікелей басшылық жасаған. Сондай-ақ, қазақ сыныптарына Жүнісова Жанкүміс Хайруллинана, Калихин Маулетбай, Калиева Лена Түсіпбекқызы, Жүнісова Нұрзада Назарқызы, Тақижанова Шамкен Айтмұханбетқызы, Шамбулова Гүлғайша, Уралбекова Күләш Закиқызы, Аубакирова Құлзия, Жаксылықова Қаят, Тукурбаева Назымгүл Садыққызы және т.б. көптеген жандар қызмет атқарған. Осы жылдары оқу бітірген шөкірттер бүгінде еліміздің әр саласында беделді, білір мамандар болып қызмет атқарып жүр.

70-80-ші жылдар – пионер және комсомол қозғалысының өрлеу жылдары. Бұл жылдар мектеп тарихының ерекше белсенді, естен кетпес бір бөлігі болған. Пионер шерулері, металл сынықтары мен макулатура жинау акциялары, тимуршылар қозғалысы сынды қоғам өміріне тікелей араласатын іс-шараларға мектеп оқушылары белсене қатысқан.

Бастауыш сынып мұғалімдері Дьяченко Екатерина Максимовна, Дорожеко Тамара Николаевна, Плотникова Олимпиада Арсентьевна, Степанкова Зинаида Константиновна, Любашова Валентина Ивановна және өзге ұстаздарды бұл күнде түлектері үнемі мақтанышпен айтып жүреді.

Иван Семеновичтен кейін мектеп ұжымын басқаруға Орехов Юрий Георгиевич тағайындалған. 1938 жылы туған Юрий Георгиевич 1-10 сыныпты Самар ауылында оқыған. 1957 жылы педагогикалық институтты физика-математика факультетіне математика, физика, сөзү пондерінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түседі. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін алдымен Палатын жерінде жұмыс істеген, сол жерден Самар ауылындағы спорт мектебінің менгерушісі лауазымына ауыстырылады. 1967 жылдан бастап №1 Самар орта мектебінде алдымен физика пәнінің мұғалімі, кейін менгерушісі, кейіннен директор болып жұмыс істей бастады.

1977-1988 жылдары №1 Самар орта мектебінің директоры болып Коркишко Вера Георгиевна жұмыс істеді. Кейіннен мектеп директорылығына Сычев Анатолий Васильевич келеді. Анатолий Васильевич 1988-1994 жылдары №1 Самар орта мектебінің директоры болып жұмыс істеді. Ол өзіне мұғалім және басшы ретінде калыптасуына көп көмектескен Л.Т.Бритоусова, В.Г.Коркишко, Г.К.Шепелова сынды тәлімгерлеріне аса риза болған.

1994 жылдың тамызынан бастап екі Самар орта мектебінің бірігуінен кейін үлкен ұжымның директоры болып Татьяна Ивановна Штода тағайындалған.

2000 жылдың желтоқсанынан 2023

жылдың сәуіріне дейін №1 Самар орта мектебінің директоры қызметін Валентина Федоровна Кутателадзе атқарды. Саналы өмірін ағартушылық қызметке арнаған Валентина Федоровнаның әріптестері оның мықты басшы болғандығын жеткізеді.

Бүгінде білім ордасының жаңадан жанданып келе жатқанын байқауға болады. Аудан мектептерінің арасында өзіндік орны бар білім мекемесін Анара Қадырбекқызы басқаруда. Қазіргі таңда білім ордасында 382 шөкірт білім алуда. Мектеп қабырғасынан осы күнге дейін мыңдаған түлек тудып ұшқан. Осынау 60 жылдық тарихы бар мектептің табалдырығынан тарихи болып аттанып, ал бүгінде елдің бетке ұстар азаматтары боп отырған шөкірттері көп. Білім ордасынан қанат қалқан кейбір шөкірттер қайтадан өз ұяларына келіп, қызмет етіп жүр.

– Біз қарқынды өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатымыз: құндылықтар, көзқарастар күн сайын өзгеріске ұшырауда. Бірақ еркіндігіміздің өміріміздегі тұрақты болып қалатын орындар бар. Осындай орындардың бірі, сөзсіз, мектеп. №1 Самар орта мектебі өзін 60 жылдық мерейтойын атап өткелі отыр. Ойлап қарасаңыз, бұл мектеп қабырғаларында қаншама әңгімелер, естеліктер, еңбектер мен жетістер сақталған. Осы жылдар ішінде қаншама түлек ересек өмірге аяқ басты. Мектебіміз оларға алғашқы маңызды өмірлік сабақтарды үйретіп, білім мен арманға деген ұмтылыстарын оятып, болашаққа жолдама берді, – дейді мектеп директоры Анара Қадырбекқызы.

Бүгінде білім ордасының басшысы болып отырған Анара Қадырбекқызы осыдан 30 жыл бұрын өзі де осынау білім ордасынан түлеп ұшқан екен. Шөкірттер жүректерінде, жадыларында мәңгілік сақталатын ұстаздарының жылы дауыстарын жиі еске алатын көрінеді.

Ағымдағы жылы мектеп ұжымы жас мамандармен толыққан. Сондай-ақ осы оқу ордасынан қанат қағып, қайта оралған Лариса Климентьевна Гельб, Айгүл Касымжановна Аманова, Галина Павловна Кудовба, Саркытқан Мұхтарханович Кар-

менов, Виктория Андреевна Арикова, Әсет Ерболович Қабаонов, Айгерім Самарбековна Түкенева, Ардак Мэлсовна Рахимова, Назигүл Касымжановна Дәрібаева сынды көп жылдық тәжірибесі бар ұлағатты ұстаздар қызмет атқаруда. Бұл ұстаздар – талай жылғы мектеп достығын бүгінгі мұрагерлері, оқушыларға үлгі және өзінен бұрынғылардың ісін жалғастырушы жандар.

Сондай-ақ Анара Қадырбекқызы мектеп оқушылары мен түлектерінің ата-аналары мектеп өміріне үнемі белсенді араласатындығын жеткізді. Ата-аналардың кейбірі мектептің дамуына және заманауи талаптарға сай болуына көмектестіні маңызды қолдаулар көрсетуге әрдайым дайын көрінеді.

– Мектеп өміріне бейқам емес ата-аналардың көмегінің арқасында оқу материалдары, кабинеттер жанартылып, бүкіл мектеп қауымдастығына пайда әкелетін жаңа білім беру жобалары іске асырылуда. Біздің мектепті қолдайтындардың барлығына шың жүректен алғыс айтамыз, өз кезегінде бұндай қолдаулар мектептің болашақ ұрпақ үшін бүгінгіден де биік белестерге шығуына септігін тигізеді! – деп мектептің үнемі қолдайтын жандарға алғысын білдірді мектеп директоры.

60 жыл жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуде тынбай еңбек етіп келе жатқан мектеп болашақта да талай шөкірттің шам шырағын жағайды.

– Алда мектептің үлкен жоспарлары бар: оқу процесін жетілдіру, сабақтан тыс жұмыстарды дамыту, уақыттың заманауи талаптарына бағытталған білім беру жобаларына қатысу сынды. Әр оқушы мұнда өз армандарына қолдау тауып, сапалы біліммен жарқын болашаққа үлкен үмітпен қадам басады деп сенеміз. Мектеп тек қабырғалар мен аудиториялар емес, бұл – тірі организм, мұнда әр мұғалім, оқушы, түлек оның тарихының бір бөлігі болып табылады, – дейді басшы.

Білімнің бұлағы, бастау көзі болған мектеп ұжымын мерейтоймен құттықтаймыз! Саналы ұрпақ тәрбиелеуде сіңірген еңбектеріңіз ақтал берсін дегіміз келеді.

Құрметті тұрғындар!

10.12.2024 жылы сағат 11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Құлынжон ауылы, Гагарин көшесі, 24 мекен-жайында орналасқан Құлынжон клубында «Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданындағы қуаттылығы жылына 350 мың тонна Құлынжон кен орнындағы кенді өңдеуге арналған алтын өндіру фабрикасы» және «Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданындағы Құлынжон кен орнындағы 1 млн тонна кенді өңдеуге арналған сүйік титті қалдық қоймасы (пульпаоткізгішімен)» жобаларына Әсер етуге арналған экологиялық рұқсат материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Құлынжон ауылдық округі.

Учаскенің координаттары: 1. 48° 50' 40.91"С 83°22'49.67"В; 2. 48°51'09.45"С 83°23'13.94"В; 3. 48°50'41.07"С 83°24'33.05"В; 4. 48°50'12.82"С 83°23'59.73"В.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзделеді.

Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы оту қажет:

<https://us05web.zoom.us/j/7199569053?pwd=QWdCdjZmWWJRandEZVQ4YXg0OE>

95UT09&omn=87493278175
Конференция сөйкестендіргіші: 719 956 9053

Құпиясөз: 1234
Тапсырыс беруші: «КАСКАД-Н» ЖШС-і (БСН 050140003670), Шығыс Қазақстан облысы, 071010, Самар ауданы, Самар ауылы, Астана көшесі, 98А, тел. 8 (7232)49-23-35, 8-777-541-09-09

Материалдарды әзірлеуші: Асанов Д.А., Шығыс Қазақстан облысы, 070010, Өскемен қ., тел. 8-777-148-53-39, e-mail: assanovd87@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Өскемен қ., К. Либкнехт көшесі, 19, тел. 8 (7232)25-70-82, a.sergibaeva@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>.

Жобалық құжаттама БЭК <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінің a.sergibaeva@akimvko.gov.kz пошталына немесе Портал арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты assanovd87@mail.ru, kaskad_n@bk.kz электронды пошталары және 8-777-541-09-09, 8-777-148-53-39 телефондары арқылы алуға болады.

Уважаемые жители!

10.12.2024 года в 11.00 часов в здании сельского клуба по ул. Гагарина, 24 в с. Кулынжон района Самар ВКО пройдет общественные слушания в форме открытого собрания по материалам Экологического разрешения на воздействие к проектам «Золотонувзлекательной фабрика по переработке руды месторождения Кулуджун производительностью 350 тыс. тонн в год в Самарском районе Восточно-Казахстанской области» и «Хвостохранилище наливного типа (с пульпопроводом), для переработки 1 млн. тонн руды месторождения Кулуджун в районе Самар, Восточно-Казахстанской области».

Территория воздействия: Восточно-Казахстанская область, район Самар, Кулынжонский сельский округ, Кулынжонский сельский округ.

Координаты участка: 1. 48° 50' 40.91"С 83°22'49.67"В; 2. 48°51'09.45"С 83°23'13.94"В; 3. 48°50'41.07"С 83°24'33.05"В; 4. 48°50'12.82"С 83°23'59.73"В.

Регистрация участников ведется за 1 час при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

При наличии стабильного интернет соединения доступно подключение на общественные слушания в формате видеоконференции (ВКС) посредством платформы Zoom. В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина данные общественные слушания будут проведены только в онлайн-формате.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/7199569053?pwd=QWdCdjZmWWJRandEZVQ4YXg0OE>

95UT09&omn=87493278175
Идентификатор конференции: 719 956 9053

Код доступа: 1234
Заказчик: ТОО «КАСКАД-Н» (БИН 050140003670), Восточно-Казахстанская область, 071010, район Самар, с. Самарское, ул. Астана, 98А, тел. 8 (7232) 49-23-35, 8-777-541-09-09.

Разработчик материалов: Асанов Д.А., Восточно-Казахстанская область, 070010, г. Усть-Каменогорск, тел. 8-777-148-53-39, e-mail: assanovd87@mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», г. Усть-Каменогорск, ул. К. Либкнехта, 19, тел. 8 (7232)25-70-82, a.sergibaeva@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>, в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3-х рабочих дней до даты общественных слушаний на Портале либо на почту ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», a.sergibaeva@akimvko.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресам assanovd87@mail.ru, kaskad_n@bk.ru и номерам телефона: 8-777-541-09-09, 8-777-148-53-39.